# «ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ» АҚ ЖАНЫНДАҒЫ МЕДИЦИНА КОЛЛЕДЖІНІҢ 2021-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

**Шымкент, 2021ж.**

# МАЗМҰНЫ

**І бөлім. Кіріспе**
**1.1. Миссиясы**
**1.2. Медицина колледжінің мақсаттары**
**1.3.Құндылықтар және этикалық принциптер**

**ІІ бөлім. Медицина колледжінің ағымдағы жағдайы**

**ІІІ бөлім. SWOT –талдауы**

**IV бөлім. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар мен мақсат көрсеткіштері**

## І бөлім. Кіріспе

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжінің миссиясы –** тәжірибеге бағдарланған білімі бар, үнемі өзгеріп отыратын нарықтық орта жағдайында өзін жеке және кәсіби тұрғыдан іске асыруға дайын және денсаулық сақтау жүйесінің, қоғамның, мемлекеттің талаптарын қанағаттандыратын орта медициналық және фармацевтикалық мамандарды даярлау.

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжінің білім беру жүйесіндегі орны** – колледждің талаптарына сай келетін орта медициналық білім алуды қамтамасыз ететін, интегративті (біртұтас, бүтін) медицина саласындағы ғылыми жоспарларды тәжірибеге тиімді енгізетін, Қазақстан Республикасының алдыңғы қатарлы инновациялық орта медициналық және фармацевтикалық білім беру мекемесі болу.

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжі алдыңғы қатарлы, бәсекеге қабілетті оқу орнына айналу үшін келесі мақсаттарды іске асырады:**

1. Мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында мамандарды даярлау сапасын, кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру, өздігінен білім алу дағдыларын, кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру;
2. Колледждің педагогикалық құрамының педагогикалық шеберлігін арттыру;
3. Жеке тұлғаның қажеттіліктеріне, еңбек нарығының қажеттіліктеріне, экономика мен әлеуметтік саланың болашағына сәйкес білім беру бағдарламаларын оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру және дамыту;
4. Түлектердің кәсіби құзыреттіліктерінің қоғамда белгіленген талаптарға сәйкестік дәрежесін дамыту;
5. Қоғамның адамгершілік және мәдени құндылықтарын сақтау және арттыру арқылы заманауи сапалы білім беру;
6. Қазіргі жағдайда студенттердің азаматтық және патриоттық санасын, адамгершілік және мәдени құндылықтарын, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру;
7. Колледждің материалдық-техникалық базасын жаңғырту;
8. Әлеуметтік серіктестік жүйесі шеңберінде мүдделі тараптармен қарым-қатынасты жақсарту;
9. Білікті, үнемі нарықтық жағдайда өзгеріп отыратын, кәсіби тұрғыда өзін дәлелдей алатын мамандарды даярлау;

**Құндылықтар және этикалық принциптер:**

– Академиялық адалдық;
– Корпоративтік мәдениет;

– Оқытушылар құрамының кәсіби құзыреттілігі;
– Оқытушылар құрамының шығармашылығы;
– Пациентке бағытталған практикалық оқыту;
– Сапалы фармацевтикалық және медициналық білім беру;

## II. «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжінің ағымдағы жағдайы

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» акционерлік қоғамы жанындағы медицина колледжі 2002 жылы (бұрынғы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясы жанындағы орта кәсіби білімді мамандар дайындайтын факультеті) АА№0000047сериялы, мемлекеттік лицензиясының негізінде «Емдеу ісі», «Акушерлік іс», «Медбикелік іс», «Фармация», «Стоматология» және «Ортопедиялық стоматология» мамандықтары бойынша, орта білімнен кейінгі кәсіби білімді мамандар даярлау мақсатында ашылған.

2002-2008 жылдар аралығында коллеждің алғашқы іргетасы қаланғаннан бастап фармация ғылымдарының кандидаты, орта кәсіби білімді мамандар дайындайтын факультетінің деканы болып М.Ә. Өмірәлі тағайындалды.

2009 жылдан бастап медицина колледжінің директоры қызметін, жоғары дәрежелі оқытушы М.Ә. Отыншиев атқарды.

2018 жылдан бастап осы уақытқа дейін медицина колледжінің жұмысына басшылық қызметін магистр, директор Кушкарова Алтыншаш Мұхаметқалиқызы атқарып келеді.

2017 жылдың 17 сәуірде Ғылым және білім саласындағы бақылау комитеті, Қазақстан Республикасы Ғылым және Білім Министрлігі ОҚО білім саласын бақылау комитетінің департаменті атынан «Емдеу ісі», «Мейіргер ісі», «Фармация», «Стоматология», «Ортопедиялық стоматология» мамандықтарын қайта бекітті.

Ғылым мен адами ресурстар департаменті 2016 жылы 9 наурызда бекітілген №188 мейірбикелік іс мамандарын дайындау жүйесін дамыту бойынша Комиссия (бұдан әрі - Комиссия) жұмысының қорытындысы негізінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Оңтүстік Қазақстан облысының Білім саласындағы бақылау департаментінің 2017 жылы 06 қыркүйектегі №572 бұйрығымен №KZ07LAA00008223 лицензиясының қосымшасы негізінде «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша «Қолданбалы бакалавриат» біліктілігіне лицензия қосымшасы берілді.

Директорлар кеңесінің шешімімен 2018 жылдың 4 мамырдағы №70 бұйрығымен, техникалық және кәсіптік білім беру факультеті «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжі болып өзгертілді.

Қазіргі таңда төмендегі мамандықтарға техникалық және кәсіптік білім бойынша мемлекеттік тапсырыс (республикалық және жергілікті бюджеттен) ақылы негізде қабылданып, орта буынды білімді мамандар дайындалуда:

| № | Шифр | Мамандық атауы | Оқу мерзімі |
|---|---|---|---|
| **09120100 - Емдеу ісі** | | | |
| 1 | 4S09120101 | Фельдшер | 11 сынып-2 жыл, 10 ай<br>9 сынып-3 жыл 10 ай |
| **09130200 – Акушер ісі** | | | |
| 2 | 4S09130201 | Акушер (-ка) | 11 сынып-2 жыл, 10 ай |
| **09110100 - Стоматология** | | | |
| 3 | 4S09110102 | Дантист | 11 сынып-2 жыл, 10 ай<br>9 сынып-3 жыл 10 ай |
| **09110200 - Ортопедиялық стоматология** | | | |
| 4 | 4S09110201 | Тіс технигі | 11 сынып - 1 жыл, 10 ай<br>9 сынып-2 жыл |
| **09130100 - Мейіргер ісі** | | | |
| 3 | 4S09130103 | Жалпы практикадағы медбике | 11 сынып-2 жыл, 10 ай<br>9 сынып-3 жыл 10 ай |
| 4 | 5AB09130101 | Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры | 11 сынып-3 жыл 6 ай<br>(мамандыққа сай дипломмен)<br>1 жыл 6 ай |
| **09160100 - Фармация** | | | |
| 6 | 4S09160101 | Фармацевт | 11 сынып-2 жыл, 10 ай |

Ғылым мен адами ресурстар департаменті 2016 жылы 9 наурызда бекітілген №188 мейірбикелік іс мамандарын дайындау жүйесін дамыту бойынша Комиссия (бұдан әрі - Комиссия) жұмысының қорытындысы негізінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Оңтүстік Қазақстан облысының Білім саласындағы бақылау департаментінің 2017 жылы 06 қыркүйектегі №572 бұйрығымен №KZ07LAA00008223 лицензиясының қосымшасы негізінде «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша «Қолданбалы бакалавриат» біліктілігіне лицензия қосымшасы алынды, аталған лицензия қосымшасы ретінде ең алғаш 2017 жылы 27 білім алушы «Қолданбалы бакалавриат» біліктілігінің 3 жыл 6 ай мерзіміне оқуға қабылданды. Сонымен қатар 2019 жылы «Қолданбалы бакалавриат» біліктілігінің 1 жыл 6 ай мерзіміне алғаш рет, техникалық және кәсіптік білімі бар – 170 медбикені оқуға қабылданды.

2020-2021 оқу жылында 030200 «Мейіргер ісі», 030205 4 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавр» (3 жыл 6 ай, 1 жыл 6 ай) біліктілігі бойынша 151 білім алушы (1-үздік, 150 – жай диплом) оқуды тамамдады. Қазіргі таңда орта буын медицина мамандарын даярлау Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасында айқындалған бағыттарға сәйкес жүзеге асырылуда.

**Контингент қозғалысы**

| **№** | **Білім бағдарламасы** | **Білім алушылар контингенті** | | |
|---|---|---|---|---|
| | | **2019жыл** | **2020 жыл** | **2021 жыл** |
| 1 | 0301000 «Емдеу ісі» ,0301013 «Фельдшер» | 198 | 166 | 229 |
| 2 | 0301000 «Емдеу ісі», 0301023 «Акушер | 5 | 10 | 29 |
| 3 | 0302000 «Мейіргер ісі», 0302043 «Жалпы практикадағы мейіргер» | 168 | 152 | 239 |
| 4 | 0302000 «Мейіргер ісі», 0302054 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» | 204 | 239 | 435 |
| 5 | 0304000 «Стоматология», 0304023«Дантист» | 94 | 107 | 142 |
| 6 | 0306000 «Фармация», 0306013 «Фармацевт» | 106 | 71 | 96 |
| 7 | 0307000 «Ортопедиялық стоматология» 0307013 «Тіс технигі» | 0 | 12 | 26 |
| | **Барлығы** | **775** | **757** | **1196** |

Соңғы 3 –жылда медицина колледжі бойынша тұрақтылық пен өсім байқалады.

- 0301000 «Емдеу ісі», 0301023 «Акушер біліктілігі бойынша медицина колледжінде қабылдау, соңғы 5-жыл көлемінде жүргізілмеген болатын. Біліктілік бойынша тиісті жұмыстар атқарылып, 5 білім алушыны ақылы негізде қабылданды.
- 0307000 «Ортопедиялық стоматология» 0307013 «Тіс техникі» біліктілігі бойынша 2020 жылы қайтадан білім алушыларды қабылдау жүргізілді. 12 білім алушы ақылы негізде оқуға қабылданды. Қазіргі таңда ол біліктілікке деген сұраныс жылдан жылға артуда.
- 2020 жылмен салыстырғанда 2021 жылы қабылдау 60% пайызға жоғарылаған.

Бітірушілердің жұмысқа орналасу әлеуеті, медицина колледжінде үнемі тұрақты. Бітірушілердің жұмысқа орналасу деңгейінің тұрақтылығының себебі, жұмыс берушілермен тығыз байланыс, дөңгелек столдар, конференциялар, білім алушылардың нарықтағы бәсекелестікке төзімділігі, жұмыс берушілердің оң пікір беруі, оқу-өндірістік тәжірибелердегі белсенділік. Медицина колледжінің миссиясының толық орындалу көрсеткішінің бірден-бір көрінісі бітірушілердің жұмысқа орналасу көрсеткішімен айқындалады.

**Бітірушілердің жұмысқа орналасу көрсеткіші**

| **Бітірген жылдары** | **2019 жыл** | **2020 жыл** | **2021 жыл** |
|---|---|---|---|
| Бітірушілер | 245 | 267 | 240 |
| ЖОО түскендері | 15 | 40 | 40 |
| Жұмыспен қамтылуы | 80,1%(196) | 82,4%(220) | 87,1%(209) |

Медицина колледжіндегі бітірушілерге деген көзқарастарын анықтау мақсатында, үнемі жұмыс берушілермен дөңгелек стол аясында кездесіп, арнайы сауалнамалар жүргізіледі. Сонымен қатар жұмыс берушілердің ұсыныстары қабылданып, білім бағдарламасының сапасын арттыру мақсатында оқу жұмыс бағдарламаларына да өз септіктерін тигізеді.

Медицина колледжінің институционалдық және мамандандырылған аккредиттеуден өткені, ұсынылған білім беру қызметінің жоғары тұрақтылығы мен сапасының орнықтылығының кепілі болып табылады, білім беру қызметтері нарығында бәсекелестікке лайықты екенінің көрсеткіші.

Медицина колледжі жоғары білікті Профессорлық-оқытушылық құраммен жасақталған. ПОҚ саны – 184, оның ішінде: PhD доктор – 3; мед.ғ.кандидаттары – 4; магистр – 34; жоғары, 1 санатты дәрігер – 10; бакалавр – 133; ПОҚ үнемі өз білімдерін жетілдіріп, клиникаға дейінгі кәбинеттермен, тәжірибелік-дағдылар орталығымен жабдықталған орындарда білім беруде. Медицина колледжінің білім беру әдісі, өндірістік – тәжірибеге, клиникаға бейімделген.

## III. SWOT – талдауы

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы АҚ жанындағы медицина колледжінің артықшылықтар мен кемшіліктерін талдай отырып, стратегиялық бағыттарды белгілейміз. Оның негізгі мақсаты – денсаулық сақтау саласындағы алдыңғы қатарлы, нарықтағы сұранысқа толығымен жауап беретін, сапалы орта - – талдауды жүйелі түрде жүргізіліп, күшті және әлсіз жақтарын талдайды және одан әрі жетілдіру бойынша шаралар кешенін әзірлейді.

**SWOT – талдау**

| **S (strenght) – мықты жақтары (әлеуетті оң ішкі)** | **W (weakness) – әлсіз жақтары (әлеуетті теріс ішкі факторлар)** |
|---|---|
| - ББ барлық мүдделі тараптарды ескере отырып құрастырылған және болашақ мамандардың кәсіби және кәсіби емес құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған;<br>- кадрларды даярлауға мемлекеттік тапсырыстың болуы және тиімді кәсіптік бағдарлау жұмысы;<br>- жұмыс берушілердің ұсыныстарына, МЖМБС-тағы өзгерістерге, - денсаулық сақтау жүйесінің талаптарына сәйкес ББ жаңартылуы.<br>- білім беру процесінің студенттік шоғырлануы;<br>- білім алушылар мен жұмыс берушілердің ЖОО-ның білім беру қызметтеріне қанағаттануы;<br>- болашақ мамандарды даярлау сапасын қамтамасыз ететін ПОҚ-ның жоғары деңгейі;<br>- түлектерді жұмысқа орналастырудың жоғары деңгейі;<br>- бірлескен білім беру бағдарламасын іске асыру;<br>- университет клиникасының құрылысы;<br>- білім беру қызметіне мерзімі шектеусіз мемлекеттік лицензияның болуы; | - ББ бойынша студенттердің академиялық ұтқырлық бағдарламасы толық көлемде іске асырылмайды;<br>- ББ көптілділік бағдарламасы толық іске асырылмайды;<br>- медициналық колледждер арасында студенттердің отандық және халықаралық алмасу жүйесінің болмауы.<br>- жұмысқа орналасу орны бойынша түлектерге әлеуметтік пакет беру кезінде жұмыс берушілердің мүмкіндіктері шектеулі;<br>- ПОҚ бойынша ағылшын тілін білін меңгеру деңгейінің төмендігі. |

| | |
|---|---|
| - оқытушыларды ынталандыру жүйесі;<br>- қаржылық тұрақтылық және қаржы ресурстарын тиімді пайдалану;<br>- өзінің жеке жатақханасының болуы. | |
| **O (opportunity) – қолайлы мүмкіндіктер (әлеуеттік-позитивтік ішкі факторлар)** | **T (treat) – қауіптер (әлеуетті теріс сыртқы факторлар)** |
| - клиникалық базаларды кеңейту;<br>- бірлескен ББ әзірлеу және іске асыру;<br>- ПОҚ және білім алушылардың академиялық ұтқырлығы;<br>- білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру үшін жұмыс берушілермен, денсаулық сақтау ұйымдарымен байланысты нығайту;<br>- білім беру саласында тәжірибе алмасу бойынша халықаралық ұйымдармен жұмысты белсендіру;<br>- оқытушылардың, білім алушылардың халықаралық конференцияларға, семинарларға, конкурстарға, олимпиадаларға және т.б. қатысуы;<br>- колледждің материалдық-техникалық базасының сапасы мен мамандар дайындау деңгейін жақсартуға мүмкіндік беретін, тұтыну нарығында техникалық, ақпараттық, кітапханалық ресурстардың кең ассортименті мен таңдауы. | - ғылыми дәрежесі бар және педагогикалық және практикалық қызметте жеткілікті тәжірибесі бар білікті оқытушылардың тапшылығы;<br>- әлемдегі және аймақтық әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлауы. |

## IV бөлім. Стратегиялық бағыттар, мақсаттары мен міндеттері

1. Медициналық және фармацевтикалық салалардың дамуы, келешегі мен қажеттілігін есепке ала отырып, фармацевтикалық және медициналық кадрларды дайындау.
2. Білім беруді, ғылымды және тәжірибелік медицина мен фармацияны интеграциялау үшін инфрақұрылымды дамыту.

**1-стратегиялық бағыт.**

Медициналық және фармацевтикалық салаларын дамыту келешегі мен қажеттілігін есепке ала отырып, фармацевтикалық және медициналық кадрларды дайындау.

**Мақсатты индикаторға жету жолдары, құралдары және әдістері:**
**1.1.Міндет. Білім беру қызметінің сапасын көтеру.**

| **Тікелей нәтиже көрсеткіштері** | **Өлшем бірлігі** | **Жоспарлы кезеңде** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2021ж. | 2022ж. | 2023ж. | 2024ж. | 2025ж. |
| Үздік колледждер рейтінгісіне қатысу | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| Оқытудың заманауи әдістері мен ОТҚ қолдану, оқытудың белсенді әдістерін енгізу | % | 70 | 75 | 80 | 85 | 85 |
| Үлгерімнің сапалық көрсеткіштері 70-90% дейін көтеру | % | 75 | 80 | 85 | 90 | 90 |
| Тәуелсіз емтиханның шекті деңгейінен өткен колледж түлектерінің үлесін арттыру | % | 75 | 75 | 85 | 90 | 90 |
| **Тікелей нәтижелерге қол жеткізуге қатысты шаралар** | **Өлшем бірлігі** | **Жоспарлы кезеңде** | | | | |
| | | 2021ж. | 2022ж. | 2023ж. | 2024ж. | 2025ж. |
| Медицина колледжіне жұмыс істеуге жоғары білікті мамандарды тарту (клиникалық кафедраларға) | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| Білім берудегі белсенді әдістерді пайдалану бойынша мастер-кластар мен тренингтерді өткізу және ұйымдастыру | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| Клиникалық білім беруде симуляциялық технологияларды қолдануды кеңейту | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Оқытудың белсенді әдістері қолданылған сабақ сапасына мониторинг жасау (TBL, RBL технологияларын, жобалық бағдарлық оқыту және т.б.) | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| Оқу-әдістемелік үдерісті жетілдіру мақсатында оқу-әдістемелік семинарларды ұйымдастыру | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| Білім алушылардың баспа түріндегі және электронды оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілуіне мониторинг және талдау жасау | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| Тәжірибе алмасу мақсатында оқытушылардың ашық сабақтарына, дәрістеріне, шеберлік дәрістеріне бақылау жасау, «Жас маман» мектебіне талдау жасау | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| Білім алушылардың аралық аттестациясының мониторингі | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| Оқу үдерісін жетілдіру және оқытудың жаңа белсенді әдістерін енгізу мақсатында білім алушылар мен ПОҚ арасында сауалнама жүргізу | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| **1.2. Міндет. ПОҚ құрамының сапасын көтеру.** | | | | | | |
| **Тікелей нәтиже көрсеткіштері** | **Өлшем бірлігі** | **Жоспарлы кезеңде** | | | | |
| | | 2021ж. | 2022ж. | 2023ж. | 2024ж. | 2025ж. |
| Ғылыми дәрежесі бар, категориясы жоғары оқытушылар санын көбейту (педагог –модератор, педагог- зерттеуші) | % | 35 | 40 | 40 | 45 | 45 |
| Білім мен дағдыны жинақтау жүйесін енгізу арқылы ПОҚ әлеуетін көтеру жүйесін енгізу | % | 80 | 85 | 90 | 95 | 95 |
| Мейіргер ісі мамандығының бакалавры, магистры, докторы білімі бар мамандарды көбейту | % | 35 | 40 | 40 | 45 | 45 |

| **Тікелей нәтижелерге қол жеткізуге қатысты шаралар** | **Өлшем бірлігі** | **Жоспарлы кезеңде** | | | | |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- |
| | | 2021ж. | 2022ж. | 2023ж. | 2024ж. | 2025ж. |
| Ғылым аумағындағы білім сапасын арттырудағы жетістіктері үшін ПОҚ марапаттау | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| Оқу – әдістемелік, тәрбие және қоғамдық қызметтер көрсеткіштері негізінде ПОҚ-ң академиялық рейтінгісін енгізу | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| **1.3.Міндет. Колледж студенттерін дайындау.** | | | | | | |
| **Тікелей нәтиже көрсеткіштері** | **Өлшем бірлігі** | **Жоспарлы кезеңде** | | | | |
| | | 2021ж. | 2022ж. | 2023ж. | 2024ж. | 2025ж. |
| Медицина колледж студенттерін дайындауға мемлекеттік грант санын көбейту | адам | 100 | 120 | 150 | 200 | 250 |
| Ақылы негізде білім алатын студенттер санын көбейту | адам | 150 | 200 | 250 | 300 | 350 |
| **Тікелей нәтижелерге қол жеткізуге қатысты шаралар** | **Өлшем бірлігі** | **Жоспарлы кезеңде** | | | | |
| | | 2021ж. | 2022ж. | 2023ж. | 2024ж. | 2025ж. |
| Кәсіптік бағдарлау жұмыстарын белсендіру | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| Ауыл жастарына кәсіптік бағдарлау жұмыстарын ұсыну | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| Іріктеу критерийлері арқылы талапкерлерді қабылдау (психометриялық тестілеу, сұхбат, эссе) | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| **1.4.Міндет. Білім беру үдерісі тиімділігі үшін оқу-әдістемелік және материалды-техникалық қамтамасыздықты ұлғайту.** | | | | | | |

| **Тікелей нәтиже көрсеткіштері** | **Өлшем бірлігі** | **Жоспарлы кезеңде** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2021ж. | 2022ж. | 2023ж. | 2024ж. | 2025ж. |
| Оқу әдебиеттері, электронды оқу әдебиеттерін сатып алу | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| Мемлекеттік тілдегі оқу әдебиеттерін көбейту | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| Медицина колледжінің кафедраларын интерактивті білім беру құрылымдарымен, клиникаға дейінгі кәбинеттерді қажеттті манекендер, құрылғылармен қамту | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| **Тікелей нәтижелерге қол жеткізуге қатысты шаралар** | **Өлшем бірлігі** | **Жоспарлы кезеңде** | | | | |
| | | 2021ж. | 2022ж. | 2023ж. | 2024ж. | 2025ж. |
| Кітапханалық-ақпараттық орталықтағы қорды әрі қарай толықтыру | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| Кафедралардың материалдық-техникалық жабдықталуын әрі қарай жақсарту | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| **1.5. Міндет. Жаңа міндеттердің ашылуы.** | | | | | | |
| **Тікелей нәтиже көрсеткіштері** | **Өлшем бірлігі** | **Жоспарлы кезеңде** | | | | |
| | | 2021ж. | 2022ж. | 2023ж. | 2024ж. | 2025ж. |
| Менторларды оқыту, үлесін арттыру (1:3) | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Оқытушылардың үнемі білім сапасын жоғарылату | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| Академиялық ұтқырлықты (оқытушылар мен білім алушылардың) жұмыстарын жүргізу | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| Халықаралық алыс-жақын шет елдермен өзара тәжірибе алмасуды жүзеге асыру | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| “World Skills” кәсіби шеберлік байқауына қатысатын білім алушылар санын арттыру | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| Білім беру бағдарламалары бойынша үш тілділікті ұйымдастыру | орындалуы туралы белгі | - | - | - | - | + |
| **Тікелей нәтижелерге қол жеткізуге қатысты шаралар** | **Өлшем бірлігі** | **Жоспарлы кезеңде** | | | | |
| | | 2021ж. | 2022ж. | 2023ж. | 2024ж. | 2025ж. |
| Менторларды оқытуды ұйымдастыру | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| Жұмыс берушілер мен тәжірибелік базалармен тығыз байланыс орнату | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| Халықаралық алыс-жақын шет елдермен келісім-шарттарға тұру, ынтымақтастық орнату | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Бітіруші мамандықтар бойынша білім алушылар арасында “World Skills” құзыреттілігіне сәйкестіндіріп, колледж ішілік конкурстарды ұйымдастыру | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| **1.6.Міндет. Аккредитациядан өту** | | | | | | |
| **Тікелей нәтиже көрсеткіштері** | **Өлшем бірлігі** | **Жоспарлы кезеңде** | | | | |
| | | 2021ж. | 2022ж. | 2023ж. | 2024ж. | 2025ж. |
| Институционалды аккредиттеуден өту | орындалуы туралы белгі | | | | + | |
| Мамандандырылған аккредиттеуден өту | орындалуы туралы белгі | | | | + | |
| Мемлекеттік аттестациядан өту | орындалуы туралы белгі | | | + | | |
| **Тікелей нәтижелерге қол жеткізуге қатысты шаралар** | **Өлшем бірлігі** | **Жоспарлы кезеңде** | | | | |
| | | 2021ж. | 2022ж. | 2023ж. | 2024ж. | 2025ж. |
| Медицина колледж қызметін талдау, SWOT – талдау, колледждің даму стратегиясына толықтыруларды енгізу | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| **1.7. Міндет. Медицина колледжінің тәрбие жұмысын жетілдіру** | | | | | | |
| **Тікелей нәтиже көрсеткіштері** | **Өлшем бірлігі** | **Жоспарлы кезеңде** | | | | |
| | | 2021ж. | 2022ж. | 2023ж. | 2024ж. | 2025ж. |
| Белсенді студенттердің санын арттыру | **%** | 20 | 25 | 30 | 40 | 40 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Студенттердің өзін-өзі басқаруы және «Болашақ» жастар орталығына белсенді студенттерді жинақтау | **%** | 30 | 35 | 40 | 45 | 45 |
| Ғылыми, тәжірибелік бағыттардағы үйірмелерді көбейту, студенттерді ғылымға бейімдеу | **%** | 30 | 35 | 40 | 45 | 45 |
| Оқудағы, оқудан тыс қызметінде жетістікке жеткені үшін мадақтау алған студенттер саны/ үлесі (халықаралық конференциялар, олимпиадалар, атаулы стипендиялар, үздік колледж студенті т.б.) | **%** | 30 | 35 | 40 | 45 | 45 |
| Студенттерге көрсетілген әлеуметтік жәрдем:<br>- материалды жәрдем;<br>- жоғары стипендиялар;<br>- құрылтайшы гранты. | бірлік | <br>5<br>10<br>1 | <br>10<br>10<br>1 | <br>10<br>15<br>3 | <br>10<br>20<br>5 | <br>10<br>25<br>5 |
| **Тікелей нәтижелерге қол жеткізуге қатысты шаралар** | **Өлшем бірлігі** | **Жоспарлы кезеңде** | | | | |
| | | 2021ж. | 2022ж. | 2023ж. | 2024ж. | 2025ж. |
| Халықаралық, республикалық, қалалық ғылыми-конференцияларға қатысу | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| Пәндік олимпиадаларға қатысу белсенділігін арттыру | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| Адамгершілік және кәсіби этика жөнінде дөңгелек стөлдер, диспут, пікірталастарды өткізу | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| Колледж аралық «Үздік студенттік топ», «Үздік студент», «Үздік бітіруші» байқауларын өткізуді ұйымдастыру | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Тәрбие бағыты жоспарының орындалуын қамтамасыз ету | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| «Ішкі құқықтық тәртіп ережлері», «ОҚМА жарғысы», «Жатақханада тұру ережесі» тақырыптары бойынша студенттермен түсіндірме жұмыстарын жүргізу, кураторлық сағаттар ұйымдастыру | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| **1.8. Міндет. Медицина колледжінің басқару жүйесін жетілдіру. Медициналық білім беруде менеджмент мәселелері бойынша ӘБҚ және ПОҚ дайындау** | | | | | | |
| **Тікелей нәтиже көрсеткіштері** | **Өлшем бірлігі** | **Жоспарлы кезеңде** | | | | |
| | | 2021ж. | 2022ж. | 2023ж. | 2024ж. | 2025ж. |
| Медицина колледж қызметкерлерімен ПОҚ біліктілігін жоғарылату | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| Электрондық құжат айналымының автоматттандырылған жүйесінде іс жүргізу | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| Оқу үрдісін автоматтандыру (электронды журнал) | | + | + | + | + | + |
| **Тікелей нәтижелерге қол жеткізуге қатысты шаралар** | **Өлшем бірлігі** | **Жоспарлы кезеңде** | | | | |
| | | 2021ж. | 2022ж. | 2023ж. | 2024ж. | 2025ж. |
| Медициналық білім беру менеджмент бойынша колледж қызметкерлері мен ПОҚ біліктілігін жоғарлатуына және дайындықтан өтуге және қайта дайындықтан өтуіне тапсырыстарды ұсыну | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| АИС Platonus платформасында білім алушыларды, электронды журналдың толық толтыруын қадағалау | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |
| ҰББД базасында үнемі, уақтылы ақпараттарды енгізу | орындалуы туралы белгі | + | + | + | + | + |

Медицина колледжінің Педагогикалық Кеңес мәжілісінде талқыланды.
Хаттама № 1, 31 08 2021ж.

**Медицина колледжінің директоры** **А. Кушкарова**